

Қасбеті қайта қапталуда

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың қасбетін жаңарту мақсатында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұған облыстық бюджеттен 120 млн. теңгеден астам қаражат бөлінген.



Мереке АМАНТАЙ

Облыстық кітапхана сыртын жөндеу жұмыстары наурыз айының соңында басталған. Мердігер - «Павлодарпромстрой» өндірістік-құрылыс фирмасы ЖШС. Компания басшысы Дмитрий Омельченконың айтуынша, бүгінгі күні жұмыс

қарқынды түрде жүргізілуде. Фимараттың үстіңгі бөлігі ақ мәрмәрдан, астыңғы бөлігі сұр түсті гранитпен қапталмақ. Оған қоса, шыны витраждар қойылады. Фимарат толығымен жарықтандырылатын болады.

- Келісімшарт бойынша үш ай мерзім ішінде жөндеу жұмыстарын аяқтау қажет. Құрылысқа қажетті материалдардың 90 пайызы елімізде өндірілген, Алматы

қаласынан тікелей жеткізілді. Сметалық құжаттарға қатысты түсініспеушіліктер болды. Мәселен, фимараттың нақты биіктігі жобалық өлшемнен әлдеқайда биіктеу болды. Дегенмен жұмыс жалғасуда. Жұмысшылар таңғы сағат 8.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс істеуде. Жобаны уақытында аяқтаймыз, - дейді компания басшысы Д.Омельченко.

Айта кетейік, кітапхана сыртындағы Мұхтар Әуезовтің дәйексөзі бар кітаптың бейнесі сол қалпында сақталады. Тек кітап жаңа полимерлік жабындысы бар заманауи құрылыс материалдарынан жасалатын болады.